

ХАТТАМА № 2

Қамқоршылық кеңес отырысы

Қатысқандар:

- Қамқоршылық кеңесінің мүшелері
- мектеп әкімшілігі
- әлеуметтік педагог

Күн тәртібінде:

1. Сәуір айында мектепте «Қайырымдылық жүректен» атты қайырымдылық айлығын ұйымдастыру
2. 2–8 сыныптар арасында қайырымдылық жәрмеңкесі
3. Қайырымдылық айлығы аясында өткізілетін қайырымдылық концерті

Тыңдалды:

1. Әлеуметтік педагог мектепте білім алып жатқан 1181 оқушының ішінде 145 оқушы әлеуметтік осал санаттағы (СУСН) отбасынан екенін, оның ішінде мектепте жартысынан көбі көпбалалы отбаснан шыққанын айтып өтті.

Сонымен қатар, қазіргі уақытта атаулы әлеуметтік көмек (АӘК) ала алмай отырған, алайда нақты тұрмыстық жағдайы өте төмен отбасылар да бар, бұндай отбасы балаларын сынып жетекшімен бірлесе отырып анықтау жұмыстары үнемі жүргізіледі. Осыған байланысты, сәуір айында «Қайырымдылық жүректен» атты қайырымдылық айлығын ұйымдастыру ұсынылды. Бұл іс – шара оқу жылы барысында бір екі рет жүргізіледі. Егер қамқоршылық кеңес мүшелері бірауыздан келісем берсе жоспар бойынша осы шараны өткізсек деп отырмыз. «Қайырымдылық — бұл жүрек үнін тыңдай білу, өзгеге шын пейілмен қол ұшын соза білу» дей келе осы мейірім мен ізгіліктің бір тамшысын өнер арқылы жеткізуді мақсат еттік деп төмендегі жоспармен таныстырып өтті.

Айлық аясында төмендегідей іс - шаралар жоспарланған:

1. 2–8 сыныптар арасында қайырымдылық жәрмеңкесі өткізіледі;
2. «Қайырымдылық жүректен» атты Қайырымдылық концерті ұйымдастырылады;
3. Қайырымдылық жасаған демеушілер марапатталады.
4. Жиналған қаржы мен азық түлік мектептегі аз қамтылған отбасы санатындағы және АӘК ала алмай отырған, шын мәнінде мұқтаж отбасыларға көмек ретінде түрде таратылып журналға тіркеледі.

2. Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары мұндай қайырымдылық шараларының тек көмек көрсету мақсатында ғана емес, оқушыларды мейірімділікке, жанашырлыққа, бір-біріне қол ұшын созуға тәрбиелеу бағытында ұйымдастырылатынын, бала бойына адами құндылықтарды сіңіру мақсатында айтты. «Біздің мектептегі СУСН балаларының дені - көпбалалы, толық емес, не жұмыссыз отбасылардан шыққан. АСП ала алмай отырғандар да бар. Олар қолдауға зәру. Бұл айлық арқылы біз оларға нақты көмек көрсете аламыз. Сонымен қатар, оқушылар үшін бұл – үлкен өмірлік сабақ болары сөзсіз»

3. Қамқоршылық кеңесінің мүшесі Саматова Толғанай бұл бастаманы толық қолдайтынын білдірді.

«Қайырымдылық - тек материалдық көмек емес, бұл - адамгершілікке бастайтын жол. Балалар өз үлестерін қосып, жақсылық жасауға үйренеді. Қайырымдылық концерті мен жәрмеңкесі - оқушылардың да, ата-аналардың да ортақтасатын жақсы бастама. Қаражаттың әділ, нақты мұқтаж жандарға жетуін қадағалау - бәріміздің ортақ міндетіміз екенін атап айтты.

4. Қамқоршылық кеңес төрайымы Ағабекова Лаура сөз алып жалпы қайырымдылық жасау кең жүректі адамдардың ісі екенін айта өтіп, мүмкіндігінше әлеуметтік жағынан аз қамтылған отбасыларға көмек көрсете алатындай демеушілерді тарту мәселесі қолға алынса деп ұсыныс тастады.

Талқыланды:

Қамқоршылық кеңесі мүшелері мен мектеп әкімшілігі ұсынылған іс-шараларды жан-жақты талқылай келе, мұндай әлеуметтік жобаның маңыздылығын ерекше атап өтті. Шараны ұйымдастыру, қаржыны әділ бөлу және есеп беру мәселелері нақты реттелетін болды. Сонымен қатар мектепке демеуші болатын жандарды тарту мәселесі талқыланды.

Шешім:

1. Қамқоршылық кеңесі ұсынылған «Қайырымдылық жүректен» атты қайырымдылық айлығын өткізуге бірауыздан келісілсін
2. Барлық жоспарланған іс-шаралар мектеп әкімшілігі мен қамқоршылық кеңесінің бақылауымен жүзеге асырылсын.
3. Жиналған қаржы мұқтаж отбасыларға әділ түрде таратылсын

ДАУЫС БЕРГЕНДЕР:

Қолдағандар: _____

Саматова Толқомай Қасириетмұсаев *ЖК*
Абержиева А.Е. Абду.
Жамашова К.Т. *ЖК*
Нурминов Абди Мексенбайұлы *ЖК*
Муртабекова С.О. *ЖК*
Булкпасова Б.Ш. *ЖК*
Бутабаева М.Е. *ЖК*
Маймақова А.М. *ЖК*

Қарсы болғандар: _____

Қалыс қалғандар: _____

Төраға: Булкпасова Б. Ш.

Хатшы: Бутабаева М. Е.